И это даже не половина острых вопросов, над которыми работает наша пятерка АНК по итогам встреч с гражданами — часть из них решена, остальные на стадии решения. А это здоровье и благосостояние нашего народа, детей, старшего поколения, это красота и культура Казахстана, которую мы обязаны сохранить. Мы активно работаем над дальнейшим законодательным обеспечением мер по социально-экономической модернизации, стимулированием и привлечением инвестиций, повышением качества работы правоохранительных органов и судебной системы. Мы уверены, что социальный прогресс невозможен без равных возможностей для всех граждан. Поэтому равные возможности - это приоритеты Казахстана. Президент нашей страны Касым-Жомарт Кемелевич Токаев уделяет этому вопросу особое внимание. Ответами на ряд социальных запросов общества, стали снижение пенсионного возраста и повышение выплат шахтеров и других работников, занятых на вредных производствах и закон о семейно-бытовом насилии. Принятие данного Закона - это важный шаг к формированию нулевой терпимости к насилию в стране. Мы продолжим данную работу, и уже сейчас в ряде законопроектов прорабатываются нормы об ответственности за сталкинг и харассмент. Наша пятерка от АНК активно участвует в международной деятельности Парламента: Межпарламентской Ассамблеи по странам СНГ, Межпарламентского форума государств Центральной Азии, взаимодействии со странами Океании; участвует в молодежной межпарламентской работе, Парламентской Ассамблее НАТО, Диалоге женщин-лидеров стран Центральной Азии при поддержке ООН, глобальных Конференциях женщин-парламентариев и других проектах.

Организации играют ключевую роль в развитии межстрановых отношений и поддержке глобальных и национальных инициатив. Сегодня Казахстан стоит на пути активных преобразовании, работая над каждым проектом Закона, и мы тщательно изучаем международный опыт. В справедливом Казахстане основой является Слышащее государство, а это, в свою очередь, система из множества контуров взаимодействия власти с народом, где представители Парламента от АНК транслируют активное и профессиональное участие. Также в регионах, в Маслихатах созданы депутатские группы «Бірлік», основной целью которых является активное участие в реализации Концепции развития Ассамблеи народа Казахстана, на основе принципов казахстанского патриотизма и отмеченного Президентом Республики Казахстан на 32-й сессии АНК.

### «Мы разные, но мы равные», «Единство в многообразии»

Казахстан всегда будет и остается страной, которая строит мосты между культурами народов, и строительство этих отношений очень важно. Свидетельством тому является Съезд лидеров мировых и традиционных религии, который проводится у нас с 2003 года. Пятерка депутатов Сената от АНК принимает активное участие в работе Съезда. Поэтому мы и говорим, что Ассамблея народа Казахстана является настоящим идеологическим флагманом для укрепления национального самосознания и национального духа всех казахстанцев, что способствует обогащению и культурной интеграции всего общества. Касым-Жомарт Кемелевич Токаев, будучи политиком мирового масштаба, прошедшим школу глобальной дипломатии, делает все, чтобы казахстанцы стали полноценной и равноправной частью мирового порядка, мировой семьи народов.

### Поэтому главные слова сегодня — это слова БЛАГОДАРНОСТИ:

Искренняя признательность Председателю Ассамблеи Касым-Жомарту Кемелевичу Токаеву, руководству и членам Ассамблеи народа Казахстана. Благодаря вашей работе Казахстан остается страной, где уважают традиции и культуру каждого народа.

Слова глубокой благодарности - казахскому народу. Казахский народ всегда протягивал руку помощи тем, кто в этом нуждался, в трудные времена и продолжает это делать сейчас. Нам необходимо поддерживать друг друга, сохранять наше Единство и проявлять уважение.

***Нурия Исмагиловна НИЯЗОВА,***
***депутат Сената Парламента РК***

# ОЛЕСЯ КЛИМЕНКО:
# «НАШИ РЕДАКЦИИ СОЗДАЮТ НЕПОВТОРИМУЮ АТМОСФЕРУ СПЛОЧЕННОСТИ И ВЕРНОСТИ СВОИМ ИДЕАЛАМ»

**Этнические СМИ — уникальный исторический феномен Казахстана. Только здесь выходят старейшая корейская газета за пределами Корейского полуострова «Коре ильбо», отметившая в прошлом году свой 100-летний юбилей; единственная газета на немецком языке во всей Центральной Азии - Deutsche Allgemeine Zeitung, турецкая газета «Ахыска», издающаяся в десяти странах мира и отмечающая в этом году свой 25-летний юбилей, и многие-многие другие. О том, какую роль эти издания играют в полиэтничном Казахстане, мы побеседовали с главным редактором газеты Deutsche Allgemeine Zeitung Олесей Клименко.**

***- Олеся Сергеевна, часто приходится слышать слова удивления по поводу существования немецкой газеты в Казахстане. Поделитесь с читателями историей ее создания.***

- О том, что в нашей республике, начиная с 1966 года, выходит немецкая газета, я рассказываю часто. И всегда это вызывает массу вопросов, восторг и удивление. Особенно у многочисленных туристов и представителей немецких делегаций. Они нередко посещают Немецкие дома, которых сейчас в Казахстане несколько, где и знакомятся с нашим изданием. Их восхищает мудрая национальная политика нашего государства, благодаря которой на протяжении многих лет развивается такой разнообразный медиа-ландшафт. Благодаря этническим СМИ во всем мире на разных языках — корейском, немецком, турецком и других — читатели получают информацию о нашей стране, знакомятся с деятельностью Ассамблеи народа Казахстана, проводимыми реформами, инвестиционными проектами и многим другим. Мы регулярно отслеживаем статистику посещений сайтов и видим, в каких странах читают наши издания. И эта география довольна обширна.

Что касается непосредственно немецкой газеты, то она имеет давнюю богатую историю. Создавалась в середине 60-х, когда численность немцев в Казахской ССР составляла около 700 тысяч. Для всех них газета стала единственным источником получения информации на родном немецком языке и сыграла большую роль в сохранении национальной идентичности. В разные годы здесь работали корифеи немецкого этноса. Один из них — известный и всеми почитаемый казахстанский писатель и переводчик Герольд Карлович Бельгер. Ни одно значимое событие не обходилось без его остроумных и обстоятельных комментариев. А сколько замечательных переводов и рецензий он подготовил! Благодаря Герольду Карловичу читатели и в Германии узнавали обо всех книжных новинках, которые издавались в Казахстане. Нередко печатались его размышления о судьбе казахского и немецкого языков. Все эти материалы актуальны и сегодня.

Частыми гостями в стенах редакции были легендарный тренер Эдуард Айрих, видные ученые, академики Эрнст Боос и Эрвин Госсен, известный архитектор Виктор Зайберт и многие другие. Все они создавали в редакции неповторимую атмосферу сплоченности и верности своим идеалам, следовать которым стараемся и мы.

***- Какова, на Ваш взгляд, роль этнических СМИ в формировании общенациональной идентичности Казахстана?***

- Десятки лет назад этнические СМИ создавались исключительно для своих этносов — для сохранения национальной идентичности, родного языка, культурного и исторического наследия. Они были своего рода рупором народа, только на их страницах поднималась болезненная тема депортации и спецпоселений, освещалась информация на родном языке об истории и традициях, публиковались произведения национальных литератур.

Но с годами этнические СМИ прошли такой же сложный путь трансформации, как и наша молодая республика. И сегодня они уже не замыкаются исключительно в рамках своих этносов, а превратились в полноценные общественно-политические издания. В фокусе их внимания не только культура, обычаи и традиции, но и межэтнические отношения, международная повестка дня и многие другие значимые для общества темы. Конечно, большую роль в развитии этнической журналистики сыграла поддержка Ассамблеи народа Казахстана.

Также хотелось бы отметить, что большинство этнических изданий сегодня трехъязычны. Так, немецкая газета публикует материалы на немецком, казахском и русском языках. Такое тесное переплетение культур только позитивно влияет на наше единство и межнациональное согласие, а также значительно расширяет читательскую аудиторию.

***- Удается ли этническим СМИ в век конвергентной журналистики оставаться полноправными игроками медиапространства?***

- Конечно. Сегодня современная журналистика требует постоянно держать руку на пульсе, и этнические СМИ не остаются в стороне от этого важного процесса. Иначе вся наша богатая история и культурное наследие, накопленные десятилетиями, канут в Лету. Наши задачи остаются прежними — быть оперативными, актуальными и, самое главное, — правдивыми и при этом, учитывая предпочтения читательской аудитории, представленными на всех информационных площадках.

Еще в начале 2000-х годов этнические СМИ стали активно развивать свои сайты и аккаунты в социальных сетях, создавать каналы на You Tube платформе, повышать свои профессиональные компетенции согласно новым форматам подачи информации. Все это позволило им трансформироваться из традиционных печатных изданий в совершенно новые медиа и конвергентные редакции. Конечно, для нас этот процесс достаточно сложный, но именно он помог выжить в современный век глобализации и открыл совершенно новые возможности для развития.




***- Ваши пожелания в юбилейный год Ассамблеи народа Казахстана...***

- Моим дорогим коллегам и всем казахстанцам я желаю прежде всего неиссякаемого энтузиазма, стремления двигаться вперед и познавать что-то новое. На нас возложена важная миссия - сохранить единство и согласие, а также передать наши навыки и умения последующим поколениям. Здоровья всем, благополучия и мирного неба нашей многонациональной Родине - Республике Казахстан.

***- Спасибо большое за интервью!***

***Кальбинур ХОШНАЗАРОВА***





# АДАМҒА ЕҢ БІРІНШІ "АДАЛ БОЛ!"- ДЕП АЙТАР ЕДІМ...

**Қазақстан халқы Ассамблеясы жанындағы Аналар кеңесінің төрайымы Нәзипа Ыдырысқызы Шанаимен Қазақстан халқы Ассамблеясының 30 жылдығы қарсаңында сұқбат алдық.**

***Құрметті Нәзипа Ыдырысқызы, ең алдымен оқырмандарымызға өзіңізді таныстырып өтсеңіз.***

- Мен 1961 жылы Өзбекстан Республикасының Самарқанд қаласында дүниеге келгенмін. Анам — өзбек, әкем — қазақ. 1979 жылы мектепті аяқтағаннан кейін Шымкент қаласындағы қазақ-химия технологиялық институтына түсіп, инженер-химик, технолог деген мамандықпен аяқтап шықтым, сосын жолдамамен Қарағанды облысына жұмысқа жіберілдім. Міне сол жерде еңбек жолым басталды,кейін сырттай Абай атындағы Қазақ Ұлттық Университетінде оқып, қазақ тілі және әдебиеті мамандығы бойынша аяқтадым. Бұл маған, негізі, қазақ тілін үйрену үшін керек болды, себебі мен орыс мектебінде оқығанмын, өзбек ортасында өскенмін. Тұрмысқа шыққанмын, екі ұлым бар, әжемін, үш немерем бар.

***- Сіздің ҚХА-ға басқан алғашқы қадамыңыз қалай басталған?***

- Мен Қазақстан халқы Ассамблеясының хатшылығына 2008- жылы келдім. Ал, Ассамблеяға шақырылған себебім екі тіл білетінім шығар, сонымен қатар, ойлаймын өмір жолым деп, себебі мен бір кезде осы 1931 жылы жер ауып кеткен қазақтардың тұқымы ретінде Өзбекстанда туып-өскен жерім кішігірім Ассамблея болатын, себебі сол репрессияға ұшыраған немістер, еврейлер, және басқа өзге этнос өкілдерінің арасында жалғыз қазақтар болып тұрдық. Мен кішкентай кезімнен жалпы этносқа, дінге бөлінбейтін ортада өстім. Ал егерде Қазақстан халқы Ассамблеясының рөліне келетін болсақ, бұл негізі, тәрбие мектебі деп айтар едім. Оның ішінде отаншылдыққа тәрбиелейтін мектеп, институт. Бұның қажеттілігі орасан зор, себебі тағдыр тәлкегімен жер аударылып келген жүзден аса этностың басын біріктірген елміз. Олай болатын болса, әрқайсысы өзіне би болмауы үшін жалпы ортақ бір идеяның айналасына бас біріктіру үшін бұл Институт қажет еді. Жалпы, біздің жеріміздің тарихы сондай, мысалы тек қана 1937 -1941 жылдардың арасында ешқашан ата-бабаларының аяғы қазақтың жеріне тимеген 62 этнос саяси қуғын ретінде жер аударылған, олар өз еркімен келмеген, олар саясаттың құрбандары, бірақ, міне, сол қиын кезенде өз өмірі қандай қиын болса да қазақтар қарсы алған және дәл бүгінгі таңда сол жер аударылған этностардың бірде-біреуі жойылып кеткен жоқ, олардың аман қалуының артында қазақтың қонақжайлылығы, қазақтың қара қазанында қайнаған қара сорпаның, қазақтың киіз үйінің, қазақтың мол киізінің арқасында аман қалды деп оны айтатын өзге этнос өкілдерінің өздері, ол - рас. Ал сол қиындықты бірге еңсерген адамдар ауызбіршілігімізді жоғалтпадық, жоғалтпаймыз да. Міне, Тәуелсіздік алғанымызға да 30 жылдан асып бара жатыр. Емін-еркін қиындықсыз өскен Егемен елде туылған балаларымыз бүгін сол тарихты білуі керек, егер білмесе, онда мына бүгінгі бейбіт өмірдің бағасын білмей кетеді.

***- Сіз басқаратын Аналар кеңесі осы бағытта қандай істер атқаруда?***

- Аналар кеңесі 2013 жылы Қазақстан халқы Ассамблеясы кеңесінің шешімімен құрылған. Алғашқы бас қосу форумы 2014 жылы өтті. Міне 10 жылдан астам уақыттың ішінде біз мемлекеттік органдар тарапынан да, қоғам тарапынан да мойындалған қоғамдық ұйымға айналдық. Бүгінгі таңда он мыңнан астам ерікті (волонтер) ана жұмыс істейді. Біз жеке құрылым ретінде, заңды тұлға ретінде тіркелмегенбіз, біз Ассамблеяның жанындағы Кеңесші органбыз. Атқаратын жұмыстарымызға келетін болсақ, алда бір-ақ мақсат бар: "Қазақстанның анасы жыламасын" деген Қоғамда қандай да мәселе көтеріліп жатса, міне, сол мәселені шешуге ат салысу, ең негізінен қайталанбау үшін алдын-алу. Негізгі мақсатымыз қай этнос болса да ана мектебін сақтап қалу, себебі "Ана ұлтты тәрбиелейді", ол — қажеттілік. Міне, сондықтан атқарып жатқан жұмыстарымыздың бәрі жалпы екі бағытқа бөлінеді. Біреуі рухани тәрбие екінші жағы бұл қоғамдық кеселдермен күресу. Рухани бағытта бүгінгі таңда жүргізілетін тақырыптарымыздың көбі "Ана әлдиі"сияқты жобаларымыз бар, себебі "Ананың әлдиі" арқылы біз баланың тілін қалыптастырамыз, оның алдына сол ән арқылы мақсат қоямыз, салтымызды, дәстүрімізді жеткіземіз. Сондықтан бүгінгі балаларымыз үшін жаңа "Ана әлдиі" қажеттілігін бәріміз де түсінеміз, себебі өткен біздің әжелеріміз жазған әлди, бүгінгі біздің балаларымыздың арманына сәйкес емес, заманы басқа, міне, сондықтан осы бағытта атқарып жатқан жұмыстарымыз бар."Заманауи ертегі" деген бағытымыз бар, себебі бүгінгі баланың алдында тұрған идеал болатын сурет (образ) басқаша, сондықтан заманға сәйкес ертегілер жазылуы керек. Біз "Ана үйі" деген қоғамдық қормен жұмыс істейміз, ол жерде атқаратын жұмыстарымыз "Айналайын" деген бір жобаға қосылған, негізгі мақсат қиын жағдайға түсіп ана үйіне келуге мүдделі болған қыз балаларымызды қоғамға әлеуметтендіру, олардың да балалары жалпы өмірдегі қызық кезеңдерден тыс қалмау керек, біз оларға "шілдехана" өткізу, "тұсау кесер", "бесікке салу"шараларымен бірге психологиялық және өмірде өз орнын табуға көмек көрсетіп жатамыз. Ал, егерде жаңа екінші бағытымызға келетін болсақ, атқарып жатқан жұмыстарымыз бұл мәселеде орасан, мысалы әскерде жүрген балаларымыздың арасындағы суицид мәселелері бойынша біз зерттеу жұмысын жүргізіп,сол суицидтің 80 пайызы лудомания, ойынқұмарлықтан болатындығын анықтадық. Бұл мәселені біз Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатына шығарып, сол жерде әскери құрамы бар бүкіл министрліктердің өкілдерін шақырып, бұл туралы айтып тапсырма беріліп, Қазақстан Республикасының Ұлттық ұланымен меморандумға қол қойып, бүгінгі таңда біздің аналарымыз, оның ішінде білікті психологтар, әскери бөлімдерде және әскери оқу орындарда өз жұмыстарын жүргізіп жатыр..



Сонымен қатар бүгін Президенттің айтқан ғаламдағы бес кесел-лудомания, наркомания, суицид, вандализм, буллинг, ысырапшылдық мәселелері бойынша "Салауатты сана деген" жоба бекітілген, сол бойынша атқарылып жатқан жұмыстар республика бойынша жалпы бүкіл бұқаралық ақпарат құралдарында оның ішінде әлеуметтік желілерде кең таратылуда, бұл, негізі, этносына қарамастан әр отбасында кездесуі мүмкін мәселелер, сондықтан ата-аналарды құлағдар ету қажет, сондықтан білім басқармаларымен қауіпсіздік сағаты деген ата-аналар және оқушылармен, студенттермен кездесулер өткіземіз. Бұл жұмыс "Вейбке тыйым" деген жоба арқылы қолға алынды, вейбті тоқтату үшін "Аналар кеңесі" 20 мыңнан астам қол жинады, түсіндіру жұмыстарын жасады, Президенттің қолдауымен сол заңға қол қойылды. Айта беретін болсақ, атқарылып жатқан жұмысымыз өте көп, бұл бір шеті ғана... "Аналар кеңесі" материалдық көмек көрсететін орган емес, біз психологиялық көмек және рухани өсуге мүмкіндік береміз. Сондықтан көпбалалы отбасы болсын, жалғыз басты аналар болсын, біздің тарапымыздан қолдау бар, мысалы, "Азамат тәрбиелеген отбасы" деген жобамызға сәйкес жалғыз ана, бірақ жақсы азамат тәрбиелеген болса, онда біздің сол номинациямызға сәйкес келетін болса өңірлерде оларға сый-сияпат беріліп жатады. 25 жыл бірге өмір сүріп жүріп балаларының бәрін "Адал азамат" етіп тәрбиелеген отбасыларына "Күміс кереге" деген номинациямыз беріледі, ал 50 жыл бірге өмір сүріп, осы елдің қорғаны да, тірегі де болып өскен азамат тәрбиелегендерге "Алтын шаңырақ" деген атау беріледі. Бұл жерде бала санының аз-көбіне байланысты емес, ол өсірген баласының "сапалы адам" болуына байланысты.

***- Бала тәрбиесі туралы үнемі айтып келесіз. Ұл мен қыз бала тәрбиесінің ерекшелігі туралы пікіріңізді білгіміз келеді.***

- Бала тәрбиесі — ата-ананың үлкен міндеті. Ұлға да, қызға да ерекше көзқарас керек, жалпы, бүгінгі таңда бір кемшілік бар, ұлды азамат қылып тәрбиелеуде, ұлды тірек етіп тәрбиелеуде бүгін осалдық көрсетіп тұрмыз,сондықтан шығар, біздің балаларымыздың әскерге де барғысы келмейтіндігі. Иә басқа да себептер бар екенін білемін, түсінемін, бірақ та егер де "жігерлі азамат" етіп тәрбиелейтін болсақ, ол "жігерлі азамат" басқа біреудің құқығын таптап, оған күш көрсетпес еді. Басқа мемлекеттің емес, өз мемлекетіміздің балалары бір-біріне күш көрсетуінің артында не тұр? — ер азаматтардың өзін-өзі дәлелдеу үшін істеп жүрген тірліктері, олай болатын болса өзін білім арқылы, өзін саналы азамат болу арқылы дәлелдеуді отбасы үйретпей отыр. Қоғам, теледидар, ғаламтордың әсері туралы айтып жатады, бірақ та қандай да тәрбиенің рухани тәрбиенің, діни тәрбиенің, ұлттық тәрбиенің негізін бала отбасынан алады. Егер де сол фундаментті отбасы мықты қылып бекітпейтін болса онда бала осал. Ер баланың негізгі жауапкершілігі, ол сол өзі туған отбасына жауапты болып өсу, өзіне үлкен болсын, кіші болсын қыздарға, ата-анасына титтей кезінен жауапты болу керек. Міне,сонда ғана ол ертең өз отбасына, мемлекетке жауапты азамат болады. Ал қыздың тәрбиесі "Қыз үйінен шыдамдылыққа үйренуі керек", себебі "Ана" болу — түн ұйқысын төрт бөлу, бала туып, оны адам қылып, азамат етіп тәрбиелеу — ол қыруар жұмыс, қиын жұмыс, шыдамдылыққа негізделген жұмыс, олай болатын болса, ерке шолжан қызы емес, бүгінгі таңда ұлтының ұлысы болатын, ертең сол ұлтын тәрбиелейтін ел анасы болатын қызды тәрбиелеу мақсаты болу керек ата-ананың, ол ертең өз үйіне, өз еліне барған кезде оңды-солын білетін, пікір айта алатын жақсы келін бола алатын қыз тәрбиелеу керек. Ал бізде ешқашан қызы тұрмысқа шықпайтындай бүгінгі таңда өзі ішкен кесесін жұмайтындай қылып тәрбиелеген балаларымыз отбасына шыдамай ажырасып жатыр. Сондықтан, бала бақытты болу үшін, ол осы өмірде кездесетін бүкіл жағдайға дайын болуы керек, ал оны отбасында атасы мен әжесі, әкесі мен анасы тәрбиелеу керек.

***- Егер Сіз кішкентай қыз балаға немесе бойжеткен қызға бүкіл өмір бойына бір ғана кеңес бере алар болсаңыз, онда не айтар едіңіз?***

- Мен екі ақ сөзбен кеңес берер едім, "Адал бол!" деген, адал адам өмірінде өзі адал болатын болса, айналасында еш қандай заңды бұзбай өмір сүреді. Адамгершілік заңдарды да, қоғамдық немесе саяси заңдарды да.

***- "Ахыска" газетіне және достығымыз, бірлігіміз жарасқан барша этнос өкілдеріне айтар тілегіңіз.***

- Қазақстанда тұрып жатқан барлық этнос ол бір халық — Қазақстан халқы! Олай болатын болса біздің алдымызда тұрған бірақ мақсат бар — ол "ауызбіршілігімізді сақтау". Жалпы Қазақстандағы бұқаралық ақпарат қызметкерлеріне соның ішінде, менімен бүгін сұқбат жүргізіп отырған "Ахыска" газетінің меңгерушілері мен ұжымына береке мен табыс, шығармашылық шабыт тілеймін!

***Қалбинур Аруп РОЗИ***




# ҚАЗАҚСТАН ХАЛҚЫ АССАМБЛЕЯСЫНА 30 ЖЫЛ: БІРЛІКТІҢ МЫСАЛЫ, ТҰРАҚТЫЛЫҚТЫҢ КЕПІЛІ

**Қазақ жері — сан ғасырлар бойы бірліктің, достықтың, татулықтың алтын бесігі.**

**Бұл ұлы дала төсінде талай этностың тағдыры тоғысты, түрлі мәдениеттер мен дәстүрлер тоғыса отырып, бір-бірімен біте қайнасты. Осы баға жетпес құндылықтарды сақтай отырып, Қазақстан 1995 жылы Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың бастамасымен Қазақстан халқы Ассамблеясын (ҚХА) құрды. Бұл шешім — ел болашағын бейбітшілік пен тұрақтылық негізінде құруға бағытталған стратегиялық қадам болды.**

Бүгін, арада 30 жыл өткенде, біз бұл бастаманың қаншалықты көрегендікпен қолға алынғанын анық сезінеміз. Ассамблея — елдегі этносаралық келісім мен ынтымақтастықтың берік іргетасына айналды. Оның қызметі — бірлік пен өзара құрметті нығайту ғана емес, сондай-ақ Қазақстанның ішкі саяси тұрақтылығы мен экономикалық өрлеуінің де басты кепілі.

## БІРЛІК БАР ЖЕРДЕ — БЕРЕКЕ

«Береке бастауы — бірлік, ел іші — тату тірлік» дейді қазақ халқы. Бұл сөздер ғасырлар бойы сан этносты бауырына басқан, татулық пен ынтымақты ту еткен елдің болмысын сипаттайды. Қазақстан өзінің көпэтносты қоғамын әлсіздік емес, керісінше, баға жетпес байлық, даму мен өркендеудің мықты іргетасы ретінде қарастырады. Бүгінгі таңда елімізде 100-ден астам этнос өкілі бір шаңырақ астында тату-тәтті өмір сүріп, ортақ мақсатқа жұмыла еңбек етуде.

Кең байтақ қазақ даласы — сан ғасырлар бойы тағдыр тәлкегімен келген түрлі халықтардың құтты мекеніне айналды. Олардың әрқайсысы қазақ жерін тек тұрақтайтын орын ғана емес, нағыз Отаны ретінде қабылдап, елдің дамуына өз үлестерін қосып келеді. Бұл — қазақ халқының дархан көңілі мен мейірімінің көрінісі. Қиын-қыстау кезеңдерде жан-жақтан ағылған халықтарды өзекке теппей, оларға құшағын ашып, өз нанымен бөліскен ұлт бүгінде сол бірлігі мен бауырмалдығының жемісін көріп отыр.

Қазақстан халқы Ассамблеясы осы бірлік пен татулықты одан әрі нығайтып, елдегі этносаралық келісімді бекемдеуде теңдессіз рөл атқарып келеді. Оның басты жетістігі — қоғамдағы тұрақтылық пен бейбітшілікті тек сөз жүзінде ғана емес, нақты істер арқылы жүзеге асыруында. Ассамблея құрылған сәттен бастап, еліміздегі этносаралық қарым-қатынастарды нығайту бағытында мыңдаған жоба мен бастамалар іске асырылып келеді.

ҚХА-ның бастамасымен мәдениет пен білім саласындағы түрлі бағдарламалар қолға алынды. Әрбір этнос өз тілі мен дәстүрін сақтай отырып, мемлекеттік тіл мен ортақ құндылықтарды бойына сіңіруі — ел бірлігін нығайту жолындағы ең маңызды қадамдардың бірі. Бүгінде Қазақстанда көптеген этномәдени орталықтар жұмыс істеп, әр ұлттың мәдени мұрасын дәріптеуге, өзара түсіністік пен құрметті арттыруға зор ықпал етуде. Бұл орталықтар тек белгілі бір этностың құндылықтарын насихаттаумен ғана шектелмей, әртүрлі этностардың бір-бірімен жақындасып, ортақ мүддеге қызмет етуіне де мүмкіндік береді.

Бұған қоса, ҚХА аясында жүзеге асырылып жатқан қайырымдылық пен әлеуметтік жобалар да ерекше атап өтуге лайық. Қазақстандағы этностар тек мәдениет пен тіл саласында ғана емес, елдің әлеуметтік-экономикалық дамуына да белсенді үлес қосып келеді. Түрлі этностық бірлестіктердің ұйымдастыруымен көптеген әлеуметтік бастамалар жүзеге асырылып, мұқтаж жандарға көмек көрсетілуде. Бұл — елдегі халықтардың өзара жанашырлығы мен ортақ болашағына деген сенімінің айқын дәлелі.

Ассамблеяның тағы бір маңызды миссиясы — жастарға бағытталған тәрбиелік жұмыстар. Өскелең ұрпақтың бойына толеранттылық, бейбітшілік пен достық идеяларын сіңіру — болашақтағы тұрақтылық пен берекенің кепілі. Осы мақсатта ҚХА жанынан түрлі жастар ұйымдары құрылып, олардың белсенділігі жыл сайын артып келеді. Жастар арасындағы өзара ынтымақтастық пен ұлттық бірегейлікті дамыту мақсатында түрлі форумдар, конференциялар, мәдени шаралар ұйымдастырылып, олардың қоғам өміріне белсене араласуына мүмкіндік берілуде.

Қазақстанның бүгінгі жетістігі — ел халқының өзара сенімі мен ынтымақтастығының нәтижесі. Татулықтың туын биік көтерген елде ғана тұрақтылық пен даму болатыны айқын. ҚХА — тек этностардың басын қосатын ұйым ғана емес, еліміздегі бейбітшіліктің, келісімнің және болашаққа деген сенімнің басты кепілі. Ал бірлігі бекем елдің болашағы да жарқын болмақ.

Бүгінде Қазақстан әлемге бірлік пен келісімнің ерекше моделін ұсынып отыр. Бірлігі мен ынтымағы жарасқан ел ретінде Қазақстан өз даму жолын сенімді түрде жалғастыруда. Біздің басты құндылығымыз — халық арасындағы өзара сыйластық, сенім мен татулық. Осы алтын қағидаттар — біздің Мәңгілік Ел болуымыздың негізін қалайтыны сөзсіз.

## ҚАЗАҚСТАН — БЕЙБІТШІЛІК ПЕН ЫНТЫМАҚ ОРДАСЫ

Қазақстан — әлемге бейбітшілік пен ынтымақтың жарқын үлгісін көрсеткен мемлекет. Елдегі этносаралық келісім мен тұрақтылық саясаты бүгінде халықаралық деңгейде мойындалып, шетелдік сарапшылар мен беделді ұйымдар тарапынан жоғары бағаға ие болып отыр. БҰҰ, ЕҚЫҰ, ШЫҰ сияқты ұйымдар Қазақстанның осы саладағы тәжірибесін бейбітшілікті сақтауға ұмтылған елдер үшін үлгі ретінде қарастыруда. Бұл — этносаралық келісім мен бірлікті нығайтуға бағытталған кешенді саясаттың, Қазақстан халқы Ассамблеясының нәтижелі жұмысының және халқымыздың татулыққа деген табиғи ұмтылысының жемісі.

Қазақстан өзінің сан-алуан этникалық құрамына қарамастан, бірлік пен тұрақтылықты сақтай отырып, экономикалық және әлеуметтік дамудың даңғыл жолына түсті. Елдегі түрлі этностардың өз мәдениеті мен дәстүрін еркін дамытуына жағдай жасалғанымен, оларды ортақ құндылықтар — мемлекеттік тіл, ұлттық бірегейлік және ортақ тарихи тағдыр біріктіреді. Қазақстан халқы Ассамблеясының басты міндеттерінің бірі — осы ортақ құндылықтарды нығайту, елдегі түрлі этностардың тек бейбіт қатар өмір сүруін ғана емес, олардың бір-бірімен тығыз араласуын, қазақ халқымен біте қайнасуын қамтамасыз ету.

Қазіргі таңда Қазақстан халқы Ассамблеясы аясында 400-ден астам этномәдени бірлестік белсенді жұмыс істейді. Бұл бірлестіктер өзінің мәдениетін, тілін, дәстүрлерін дәріптеумен қатар, Қазақстанның ортақ мәдени кеңістігінің бір бөлшегіне айналып, ұлттық бірегейлікті қалыптастыруға ықпал етуде. Түрлі этнос өкілдері қазақ халқының салт-дәстүрімен танысып қана қоймай, оны өз өмірінің ажырамас бөлігіне айналдыруда. Бұл үрдіс қоғамдағы өзара құрмет пен сенімді арттырып, барлық этнос өкілдерінің Қазақстанды ортақ үйі ретінде сезінуіне мүмкіндік беруде.

ҚХА-ның ұйымдастыруымен өтетін мәдени іс-шаралар, білім беру бағдарламалары, ғылыми жобалар мен форумдар этностар арасындағы байланысты одан әрі нығайтуға септігін тигізуде. Мәселен, Қазақстандағы Достық үйлері түрлі этностардың басын қосып, ортақ диалог алаңына айналды. Мұнда әртүрлі этнос өкілдері өз мәдениеті мен тарихын насихаттап қана қоймай, қазақ халқының рухани мұрасымен терең танысуға мүмкіндік алуда.

Сонымен қатар, Қазақстанның этносаралық келісім тәжірибесі жастар арасында кеңінен насихатталуда. Ел болашағы — жастардың бірлік пен ынтымақтың маңызын түсініп, оны өмірлік ұстанымға айналдыруы аса маңызды. Осы мақсатта ҚХА жанынан жастар қозғалыстары құрылып, олардың қоғамдағы рөлін күшейтуге бағытталған іс-шаралар жүйелі түрде жүргізілуде.

Қазақстанның этносаралық татулық саясаты — елдің болашағына салынған берік негіз. ҚХА қызметі арқасында әрбір азамат өз ұлты мен дінін сақтай отырып, өзін біртұтас қазақ қоғамының толыққанды мүшесі ретінде сезіне алады. Бұл — Қазақстанның басты жетістігі, бейбітшілік пен тұрақтылықтың шынайы кепілі.

## БОЛАШАҚҚА БЕРІК ҚАДАМ

30 жыл — тарихи тұрғыдан алғанда аса ұзақ уақыт емес. Дегенмен, осы кезең ішінде Қазақстан өзінің басты байлығы — халқының бірлігі мен татулығын сақтай отырып, өркендеудің даңғыл жолына түсті. Елдің дамуы, қоғамдағы тұрақтылық — осы бірлік пен келісімнің жемісі.

Бүгін біз өткенге көз жүгірте отырып, ҚХА-ның ел болашағы үшін қаншалықты маңызды рөл атқарғанын айқын түсінеміз. Бірақ бұл — тек бастамасы ғана. Келер жылдарда да Қазақстан халқы Ассамблеясы өз міндетін абыроймен атқарып, елдің одан әрі дамуына үлес қоса беретініне сеніміміз мол.

Қазақ елі татулық пен тұрақтылықтың бесігі бола берсін!

Бірлігіміз бекем, тәуелсіздігіміз мәңгі болсын!

Жолың сал Түркістанға
Яссауиден хабар бар,
Ол – қасиетті Хаж сынды,
Әулиелер думаны.

Жаныма тыныштық келер,
Көңілімде мұңлы сағым.
Қазақстан – ерлік нышаны,
Бүркіттердің мекені.

Мынау жағы, анау жағы –
Жайқалған жап-жасыл бел,
Сары бұлбұл қардай нәзік,
Алатау – батырлар шежіресі.

Жыл бойы алмасы бар,
Ауызда – балдай дәм.
Қазақстан – от, ғибадат,
Мейірім мен пір елі.

Жігерінің жартысы –
Жүйрік аттар, өткір көз,
Қымыз, шұбат, бал татыған –
Денсаулыққа дәм мен ләззат.

Түйелердің керуені
Шөлдерге сән боп тұрған.
Қазақстан – қонақжай ел,
Дастаны – бір ғибрат.

Күн шуақты көгіне
Кешкі самал ескендей,
Адамның көңіл күйіне
Ән салып жатқан өзендер.

«Алтын Адам» мүсіні –
Жомарт, жауынгер рухы.
Қазақстан – Абайлардың
Бесігі мен әлдиі.

Жүз отыз ұлт өмір сүрер
Бір шаңырақ астында,
Достық пен ынтымақ –
Осы жерде табылған.

Бөлісіп бір-бірімен
Қуаныш пен қайғыны.
Қазақстан – бір әлем,
Ғаламмен тең салмақта.

Бұл жер – баба отаны,
Бұл – түріктің елі.
Көк аспанында –
Нұрлы кеңістігі бар.

Азияның алмасы,
Шахтай асқақ белі.
Қазақстан – Ровшан дер,
Дүниеге даңқы кең.

***Ровшан МӘМЕДҰЛЫ***





# «UIGUR AVAZI» ГАЗЕТІНІҢ БАСТЫ МИССИЯСЫ — ЭТНОСАРАЛЫҚ ТАТУЛЫҚТЫ НАСИХАТТАУ




**«Uigur avazi» республикалық қоғамдық-саяси газетінің бас редакторы, Қазақстан халқы Ассамблеясының мүшесі Ершат АСМАТОВ бізге сұхбат берді.**

***— «Uigur avazi» газетінің қысқаша тарихы жайлы айтып берсеңіз.***

— «Uigur avazi» республикалық қоғамдық-саяси газеті 1957 жылдан бастап Алматы қаласында шыға бастады (1991 жылға дейін «Коммунизм туғи» («Коммунизм туы») деген атаумен жарық көрді). Басылым әрдайым Қазақстан халқының бірлігі мен достығының нығаюына өз үлесін қосып келеді.

Қазіргі кезде редакцияда талантты журналистер заман талабына сай жұмыс істеуде. Бүгінде этносаралық бірлікті және қазақстандық патриотизмді насихаттауда бұқаралық ақпарат құралдарының маңызы зор екені бәрімізге белгілі. Осы тұрғыдан алғанда, «Uigur avazi» басылымы өзіне жүктелген міндетті табысты орындап келеді деп сеніммен айта аламын.

Газеттің негізгі жұмысы — мемлекеттік саясатты, стратегиялық бағдарламаларды, Президент тапсырмаларын насихаттау, оларды жүзеге асыру бағытындағы іс-шараларды жариялау, еліміздің әлеуметтік-экономикалық дамуы, халықтың өзекті мәселелері және оларды шешу жолдары, сондай-ақ әртүрлі салалардың тыныс-тіршілігі туралы мақалалар жазу.

Сонымен қатар, биыл ақпан айынан бастап мемлекеттік тілді қолдау және дамыту мақсатында газет аясында қазақ тіліндегі «Шаңырақ» арнайы беті жарық көре бастады. Бұл бөлімде еліміздің жетістіктері, қазақ халқының құндылықтары, қазақстандық патриотизм рухындағы материалдар жарияланады. Сондай-ақ, Президент Жолдауларына, мемлекеттік стратегиялық бағдарламаларға, әртүрлі мереке-мерейтойларға байланысты республикалық және облыстық семинарлар, дөңгелек үстелдер, халықпен кездесулер ұйымдастыру басылым қызметінің бір бағыты саналады.

***— Басылымның этносаралық достықты нығайтудағы рөлі қандай?***

— Қазақстан сияқты көп этносты мемлекет үшін татулық пен бірлік — басты құндылықтардың бірі. Газетіміздің мазмұны заман талабына сай өзгеріп, бүгінгі күннің өзекті мәселелерін көтеріп келеді. Қазақ халқы мен түрлі этностардың танымал тұлғаларымен сұхбаттар, олардың әдеби шығармаларының аудармалары, әдет-ғұрып пен салт-дәстүрлері туралы материалдар, қазақстандық патриотизм мен мемлекеттік тілдің маңыздылығы жайлы мақалалар тұрақты түрде жарияланып тұрады.

Мысалы, оқырмандарымыз Қазақ тағамтану академиясының президенті, академик Төрегелді Шарманов, Алматы қалалық корей этномәдени орталығы төрағасының орынбасары, тарих ғылымдарының докторы, профессор Георгий Кан, Р.Сүлейменов атындағы Шығыстану институтының директоры, филология ғылымдарының докторы, профессор Дүкен Мәсімханұлы, М.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының аға ғылыми қызметкері, филология ғылымдарының докторы, доцент Гүлжахан Орда, белгілі ақын, аудармашы, «Мөлдір бұлақ» журналының бас редакторы Дәулетбек Байтұрсынұлы, Қазақстан халқы Ассамблеясы Аналар кеңесінің төрайымы, мемлекет және қоғам қайраткері Нәзипа Шанаи, Алматы қалалық түрікмен қоғамдық-мәдени орталығының төрайымы, экономика ғылымдарының докторы Гүлнара Аннақұлиева сынды танымал азаматтармен болған сұхбаттарды жылы қабылдады.

Сонымен қатар, Қазақстанда өмір сүретін түрлі этностардың, соның ішінде қазақ халқының әдет-ғұрыптары, дәстүрлері мен ұлттық құндылықтары туралы материалдар да тұрақты түрде жарық көріп келеді.

Газетімізде ұйғыр этносы өкілдерінің басқа этнос өкілдерімен достық қарым-қатынасы, құдалық байланыстары, бірге қызмет атқаруы туралы мақалалар да назардан тыс қалмайды.

Біздің тұрақты оқырмандарымыз ғана емес, газеттің таралымын арттыруға белсенді атсалысып, басылымға жазылу науқаны кезінде қолдау көрсететін жанашырларымыз да бар. Мысалы, Алматы облысы, Жамбыл ауданы, Қарғалы ауылындағы «Сәт» мешітінің имамы Сейітқали Серік қажы — біздің нағыз жанашыр достарымыздың бірі.

Қазақстандағы халық достығын нығайтуда зиялы қауымның рөлі ерекше. Газет басшылығы жылына бір рет ауыл-аймақтарды аралап, «Достық керуенін» ұйымдастырады. Бұл бастамаға Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, күйші-композитор Шәміл Әбілтай, Қазақстанның халық жазушысы, еңбек сіңірген қайраткері, жазушы-драматург Ахметжан Ашири, Қазақстанның Құрметті жазушысы, ақын Абдуғопур Құтлуқ, Ғабиден Мұстафин қоғамдық қорының директоры Ғабиден Жәкей сынды зиялы қауым өкілдері әрдайым қолдау көрсетіп келеді.

***— Биыл Қазақстан халқы Ассамблеясының (ҚХА) 30 жылдығы. Осыған орай қандай пікір айтасыз?***

— Біздің елімізде барлық этностардың мәдениетін, тілін, дәстүрін дамытуға қажетті жағдай жасалған. Қазақстан халқы Ассамблеясы — этносаралық қатынастар мәселесін тиімді шешетін, еліміздің халықаралық беделін арттыруға ықпал ететін бірегей құрылым.

ҚХА құрамындағы этномәдени орталықтар өте белсенді жұмыс атқарып келеді. Қандай да бір саяси науқан, әлеуметтік бастама, қайырымдылық шарасы немесе ғылыми-мәдени жоба болмасын, олар үнемі белсенділік танытады. Әсіресе жастардың еріктілік қызметі қарқынды дамып келеді. Сонымен қатар этномәдени орталықтар мемлекеттік атқарушы органдармен тығыз байланыста жұмыс істейді.

Жалпы алғанда, еліміздегі саяси тұрақтылықтың, қоғамдық келісім мен халықтар достығының нығаюы тікелей ҚХА-ның қызметімен байланысты деп санаймын. Бұл құндылықтар — мемлекет дамуының негізгі факторлары екені анық. Өйткені бейбітшілік болмаған елдер қандай қиын жағдайға тап болатынын айтпасам да өздеріңіз жақсы білесіздер. Осы тұрғыдан алғанда, Қазақстан халқы Ассамблеясының қоғамдағы рөлі өте маңызды.

***— Этножурналистер клубының маңыздылығы неде деп ойлайсыз?***

— Қазақстан — елімізді мекендеген барлық этностардың мәдениетін, тілін және дәстүрін сақтауға барынша жағдай жасап отырған мемлекет. Бүгінде түрік, ұйғыр, неміс және корей тілдеріндегі этнобасылымдар белсенді түрде жұмыс істеуде. Олар этностардың тілі, өнері, мәдениеті мен тарихын сақтап қана қоймай, еліміздегі саяси тұрақтылық пен қоғамдық келісімді нығайтуға да қомақты үлес қосып келеді.

Осы орайда, Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігі, соның ішінде Этносаралық қатынастарды дамыту комитеті этножурналистиканы дамыту бағытында ауқымды жұмыстар атқаруда. Халықаралық сарапшыларды шақырып, әлеуметтік зерттеулер жүргізу, журналистерге арналған әдістемелік нұсқаулықтар дайындау және оларды тарату сияқты бастамалар жүзеге асырылып келеді.



Сондай-ақ, этножурналистиканы дамыту мақсатында ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігі мен «Қоғамдық келісім» республикалық мемлекеттік мекемесінің ұйымдастыруымен Қазақстан халқы Ассамблеясының этножурналистика саласындағы «Шаңырақ» республикалық шығармашылық байқауы жыл сайын өткізіледі. Бұл байқау дарынды журналистерді анықтап, оларды қоғамдық келісім мен бірлікті нығайтуға және қазақстандық этножурналистика саласын дамытуға қосқан үлесі үшін ынталандыруды көздейді.

***— «Ахыска» газетімен байланыстарыңыз бар ма?***

— «Uigur avazi» газеті тек ұйғыр этносының өкілдерімен ғана емес, елдегі барлық мемлекеттік және үкіметтік емес ұйымдармен, қоғамдық бірлестіктермен, этномәдени орталықтармен, сондай-ақ жеке тұлғалармен де тығыз байланыс орнатқан. Біз әрдайым заң мен журналистика этикасы аясында ашық жұмыс істеуге ұмтыламыз.

Басқа басылымдармен де ынтымақтастықтамыз, пікір алмасып, тәжірибе бөлісеміз. Соның ішінде «Ахыска» газетімен де жақсы қарым-қатынастамыз. Біз Алматы қалалық Этножурналистер клубының құрамында серіктес болып, бірлесіп жұмыс істеп келеміз. Осы ретте «Ахыска» газетінің бас редакторы Равшан Мамедоглының дарынды, рухы биік, іскер тұлға екенін атап өткім келеді. Ол этножурналистика саласындағы мәселелерге бейжай қарамайды, қажет кезде тиісті орындарда өзекті мәселелерді батыл көтере біледі. Жалпы алғанда, түрік басылымдарымен де байланысымыз жақсы, бір-бірімізбен үнемі пікірлесіп, ақылдасып тұрамыз.

***— Сәуір айында өтетін Қазақстан халқы Ассамблеясының кезекті сессиясына қатысты қандай пікір білдіресіз?***

— Биыл Қазақстан халқы Ассамблеясы үшін ерекше жыл. Оның құрылғанына 30 жыл толды. Өзім осы ұйымның мүшесі ретінде 15 жылдан бері оның барлық сессияларына тұрақты түрде қатысып келемін. Бұл жиындарда еліміздегі саяси тұрақтылық, халық достығы және этносалық келісімді нығайтуға қатысты маңызды мәселелер талқыланады. Осы уақытқа дейін атқарылған жұмыстардың нәтижесі жаман емес, бұған біздің бейбіт әрі тұрақты өміріміз дәлел.

Сондықтан биылғы сессиядан да үлкен үміт күтемін. Еліміздің тыныштығы мен қауіпсіздігі үшін аянбай еңбек етіп жүрген Ассамблея мүшелерінің еңбегі лайықты бағалануы керек деп есептеймін. Яғни олардың мемлекеттік наградалармен марапатталуы әділетті болар еді.

Жасыратыны жоқ, кейбір адамдар Ассамблеяның қажеті жоқ деген пікір білдіріп жатады. Менің ойымша, бұл — қате әрі негізсіз пікір. Егер біз Ассамблея сияқты тәуелсіздігіміздің тірегі болып отырған маңызды институттан айырылсақ, бұл ел үшін үлкен өкініш болар еді.

Осы мүмкіндікті пайдалана отырып, барлық қазақстандықтарды Қазақстан халқы Ассамблеясының 30 жылдық мерейтойымен құттықтаймын! Газетіміздің ұжымы атынан елімізге бейбіт өмір, тұрақты даму және жарқын болашақ тілеймін!

***Сұхбаттасқан: Қалбинур ХОШНАЗАРОВА***



# СОЗИДАТЕЛЬНАЯ РАБОТА РЭКЦУК В ДЕЛЕ УКРЕПЛЕНИЯ ОБЩЕСТВЕННОГО СОГЛАСИЯ

**С начала прошедшего года Республиканским этнокультурным центром уйгуров Казахстана (РЭКЦУК) было произведено 64 выезда в регионы, в которых мы посещали разные мероприятия, юбилеи известных людей, внесших вклад в развитие Казахстана, участвовали в крупных форумах, посещали школы, проводили разные акции.**

Было проведено 22 крупных форума, среди которых Форум Союза уйгурской молодежи Казахстана «ҚАЗАҚСТАН ЖАСТАРЫ: Дамуға бағдар», Конференция Совета женщин «Адал азамат — ел тірегі», форум в Алматинской области «Әділетті Мемлекет,біртұтас ұлт, берекелі қоғам», форум «Роль Жигит беши в построении Нового Казахстана», второй Международный форум «Мәдениет те, тіл де, пікір де - бірлікте, оның кілті - қасиетті әйелде», форум культуры в г. Жаркент, который провел клуб «Шабнам», расширенное собрание Республиканского состава «Жигит беши», собравшее более 500 делегатов, форум «Ұйғыр ұлттық салт-дәстүрі: ұрпақтан-ұрпаққа мұра», проведений Советом ханум кизлар и обществом матерей «Мирас», Форум медицинских работников «Ықылас», второй Республиканский форум журналистов «DOSTUQ PRESS-MEDIA», заседание Совета аксакалов, Расширенное собрание Жигит беши, посвященное Дню республики. Каждый из этих форумов внес вклад в укрепление общественного согласия в своих сферах деятельности.

Большая работа была проведена во время паводков в апреле 2024 года, общая сумма собранной гуманитарной помощи от Республиканского центра, наших филиалов и представительств, составила 31 млн тенге, или 25 тонн гуманитарной помощи, которые отправились с г. Алматы и разных регионов в рамках акции Ассамблеи народа Казахстана «Жүректен жүрекке». Помимо этого Республиканский этнокультурный центр уйгуров Казахстана возглавил благотворительный центр АНК «Жамарт жан» г. Алматы, руководителем которого назначен председатель нашего цетра Долкунтай Абдулхалил. Также наш центр возглавил Штаб по сбору гуманитарной помощи АНК г. Алматы для пострадавших от паводков. Нами была органиована логистика и доставка, руководство центра лично посетило два пострадавших региона. Это г. Петропавловск и г. Атырау, а также их окрестности. Проведенная нами работа во время паводков получила высокую оценку от Главы государства и Ассамблеи народа Казахстана.

***Активно провели работу наши структуры РЭКЦУК:***

- Советом «Ханум кизлар» при РЭКЦУК проведены форумы, презентации книг, юбилеи, оказана помощь женским журналам, оплата образования студентов, многие мероприятия в регионах. «Ханум кизлар» и все наши организации управляемые женским составом РЭКЦУК, всегда на высоком уровне проводят выставки, отражая культуру нашего этноса, организацию показа национальных блюд, костюмов, традиций и обычаев. Конкретно это составы «Ханум кизлар» всех регионов, ОФ «Жанан», Совет матерей, сообщество «Чевәр қол», «Нураний анилар», «Ак нийят» и др. Общая сумма проведенных мероприятий Совета «Ханум кизлар» составила более 20 млн тенге.
- Совет «Жигит беши» при РЭКЦУК. Проведено четыре республиканских форума, более 30 машрапов. Активно Совет «Жигит беши» участвует в благотворительных мероприятиях, проведен сбор на восстановление 50 домов после пожаров, организован сбор на лечение 30 онкобольных, участие в сборе во время паводков весной 2024 года.
- Союз уйгурской молодежи Казахстана. На постоянной основе отрабатывает протокол всех Республиканских мероприятий РЭКЦУК: имиджевая продукция, концепции форумов, собраний и мероприятий. С начала 2024 года при поддержке СУМК трудоустроено 163 человека, проведено 12 экологических акций, 18 благотворительных акций, 4 форума, 27 встреч по разным тематиком, 22 благотворительные акции, развезено по Алматинской области 400 тонн угля для млоимущих семей. Проведены бесплатно консультации юриста и психолога для молодежи. Проведено 38 обучающих тренингов и курсов.
- Совет по развитию образования. С начала года Советом проведено 60 встреч в школах с уйгурским языком обучения. Куратором Совета по вопросам развития образования Нурумовым Шаймарданом было выделено два гранта на празднование последнего звонка, также поощрены медалями и благодарственными письмами многие учителя, Дважды за прошлый год оплачено обучение 42 студентов КазНПУ им. Абая, обучающихся на факультете филологии.
- Советом ученых при РЭКЦУК было проведено 3 Международных научных конференций, в которых принимали участие представители из США, Европы, Турции, наших соседних стран - России, Узбекистана, Кыргызстана. Также ряд конференций проведен на республиканском уровне.
- При поддержке нашего центра с начала года прошло 6 крупных машрапов, собиравших от 200 и выше человек.
- Продолжает свою работу проект «Ана тілім — Дана тілім». На регулярной основе выходят видео-проекты с учениками по популяризации государственного языка, также ими был организован День защиты детей.
- С начала года мы провели более 60 благотворителных акций, в рамках которых помогли детским домам, малоимущим семьям, отправили на лечение за границу несколько человек, организовав сборы. Таким образом, сумма проведенной нами благотворительности с начала 2024 года в общем составила 125 млн тенге.
- Совет по развитию спорта. Проведены при нашей поддержке также и спортивные мероприятия: несколько турниров по футболу, боксу, единоборствам, стрельбе из лука. Недавно был проведен крупный форум по спорту, где приняли участие призеры 33 летних Олимпийских игр в Париже, а также собраны спортсмены и тренеры разных видов спорта. С ними заключена договоренность о дальнейшем развитии молодых казахстанских спортсменов.






Активно наш центр, филиалы и представительства приняли участие в праздниках по всей республике. Это День благодарности, Наурыз, Курбан айт, День единства народа Казахстана, День матерей, День отцов, День государственных символов РК и др. На сегодняшний день мы активно представлены в 16 регионах Казахстана. Это городские и областные филиалы, а также их представительства. Активно у нас работают города Астана, Алматы, Тараз, Уральск, Актау, Атырау, Талдыкорган, Конаев, Караганда; Алматинская область, область Жетысу. Туркестанская область, Жамбылская область, Акмолинская область, ЗКО, Атырауская область.

Активное участие мы приняли в XXXIII сессии Ассамблеи народа Казахстана в связи с паводками. Ее перенесли в онлайн-формат, и в акиматах всех городов и областей были представлены члены правления РЭКЦУК. Также наши представители были приглашены на сессию АНК с участием Президента Токаева в Ак Орду. Это означает, что руководство АНК высоко оценивает работу нашего центра.

Хорошо проводится работа в социальных сетях, так как важно освещать нашу деятельность. Исходя из общего количества подписчиков актива РЭКЦУК, которые передают всю необходимую информацию в своих официальных аккаунтах, а также официальных аккаунтах структур РЭКЦУК в социальных сетях Facebook, Instagram, TikTok, у нас насчитывается 220000 подписчиков.

***Долкунтай АБДУЛХАЛИЛ,***
***Председатель Республиканского этнокультурного центра уйгуров Казахстана, член Совета АНК, Общественный заместитель председателя АНК г. Алматы***







# ҚХА ЖУРНАЛИСТЕР КЛУБЫНЫҢ ЖҰМЫСЫ ЖӘНЕ «АССАМБЛЕЯ АЙНАСЫ»

**Елдегі этносаралық бірлікті нығайтуда бұқаралық ақпарат құралдары маңызды рөл атқарады. Республикамызда этносаралық тақырыпты жариялайтын журналистерден этномәдени, этностық және діни мәселелерге байланысты ақпаратты жақсы білуі талап етіледі. Идеалында олар өз аудиториясын этносаралық қатынастардағы төзімділікке және толеранттылыққа, этносаралық қақтығыстарды бейбіт жолмен шешуге шақырып, халқымыз арасындағы байланысты нығайтуға ықпал етуі, әртүрлі этностардың бірге өмір сүруінің оң тәжірибесін насихаттауы тиіс. Алайда соңғы жылдардағы зерттеулер көрсеткендей, журналистер жазылған немесе айтылған сөздің этносаралық қарым-қатынасқа әсер ету күшін әрдайым түсіне бермейді. Басқаша айтқанда, барлық журналистер арандатушы ақпаратты қоғамдық санаға таратудың қауіптілігін толық сезіне бермейді.**

***Сатвалдиев Алишер Гапиржанұлы 1984 жылы 18 желтоқсанда Оңтүстік Қазақстан облысы, Сайрам ауданының Сайрам ауылында дүниеге келді. 1992-2003 жылдар арасында Шымкент қаласының Сайрам тұрғын алабындағы №110 З.Хусанов атындағы орта мектепті үздік аттестатпен бітірді. 2003 жылы М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан Мемлекеттік Университетінің, тарих факультетінің «Тарих, құқық және экономика негіздері» мамандығына түсіп, 2007 жылы үздік дипломмен тамамдады. 2013-2015 жылдарда Мирас университетін «Заңгер» мамандығы бойынша тамамдады. 2022 жылы Халықаралық Тараз инновациялық институтын Заң магистрі дәрежесімен тамамдады. 2003-2007 жылдар аралығында университет қабырғасында студенттік өзін - өзі басқару жүйесінде студенттік директор қызметін қоса атқарды. Облыстық және қала денгейіндегі іс — шаралармен түрлі жарыстарға қатысты. 2004-2007 жылдар арасында Президенттік шәкіртақы иегері атанды. Студенттік жылдары бірқатар ғылыми конференцияларға қатысып, мақалалары ғылыми жинақтарда басылды. 2007-2012 жылдарда Сайрам ауданы бойынша «Нұр Отан» партиясы «Жас Отан» Жастар Қанаты филиалына төрағалық етті. 2007 жылдың қазан айынан «Нұр Отан» партиясы Сайрам аудандық филиалының Сектор меңгерушісі қызметіне қабылданды. Осы қызметте 2016 жылдың 1 сәуіріне дейін еңбек етіп, қызметтегі белсенділігі нәтижесінде бір қатар республикалық деңгейдегі грамоталармен марапатталды. 2016 жылдың 1 сәуірінен 2023 жылдың 25 қаңтарына дейін Түркістан облыстық «Жанубий Қозоғистон» қоғамдық-саяси газетінің директор — бас редакторы қызметін атқарды. 2023 жылдың 25 қаңтарынан Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығымен Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының депутаты болып тағайындалды. Бүгінгі таңда Сенаттың Халықаралық қатынастар, қорғаныс және қауіпсіздік комитетінің мүшесі ретінде қызмет атқарып келеді. Қоғамдық негізде Қазақстан Халқы Ассамблеясы Журналистер клубының төрағасы болып табылады. Қазақстан Халқы Ассамблеясы Кеңесінің, Аманат партиясының, Қазақстан Журналистер одағының, ҚР өзбектері «Дустлик» қауымдастығы Кеңесінің мүшесі. Түрлі жылдарда ҚР Президентінің алғыс хаттарымен, «Қазақстан халқы Ассамблеясына 25 жыл» (2020 ж.), «Мейірім» (2020 ж.) және «Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігіне 30 жыл» (2021 ж.), «С.Нұрмағанбетовтың 100 жылдығы» (2024 ж.) медальдерімен, «Ерен еңбегі үшін» (2023 ж.) мемлекеттік наградасымен марапатталды. Отбасылы. 1 ұл, 3 қыз тәрбиелеуде.***

Сондықтан этносаралық және конфессияаралық қатынастар мәселелері бойынша журналистердің сауаттылығы мен біліктілігін арттыру өзекті болып отыр. Тек әртүрлі этностардың өзара әрекеттестігін, өмірі мен мәдениетінің ерекшеліктерін дұрыс көрсету ғана ұлттық мәдениеттерді сақтау мен дамытуға ықпал етіп, Қазақстан қоғамында этносаралық тұрақты және қолайлы қарым-қатынастарды қалыптастырады.

Биыл 30 жылдық мерейтойын атап өткелі отырған Қазақстан халқы Ассамблеясының осы бағытта атқарған жобалары баршылық. Іргелі ұйымның жанынан журналис қауымымен, әсіресе ақпарат кеңістігендегі этностық контент қалыптастыратын адамдармен жұмыс жүргізу мақсатында арнайы шешім қабылданып, 2009 жылы Қазақстан халқы Ассамблеясының XV сессиясы барысында Журналистер клубы құрылған болатын. Түпкілікті мақсаты этносаралық қатынастар, патриотизм, өзге этнос өкілдерінің мәдениеті мен дәстүрін сыйлау сияқты тақырыптарды кеңінен насихаттау және дамытудан тұратын клуб соңғы 16 жылдан бері үздіксіз жұмыс атқарып келеді.

Басты міндет - этностардың бірлігін нығайту, мәдени және діни айырмашылықтарды құрметтеу болып табылады. Этносаралық келісім мәселелерінде мемлекеттің саясатын насихаттауға және осы бағыттағы іске асырылып жатқан нақты іс-шараларды қолдауға бағытталған.

Жұмыс барысы Журналистер клубының мүшелерін еліміздің ақпараттық алаңында болып жатқан процестердің белсенді қатысушылары мен талдаушылары болуға, сондай-ақ азаматтарымыздың өмірін жақсартуға бағытталған бастамалар туралы ақпаратты таратуды белсенді қолдауға шақыруды көздейді.

Журналистер Клубының жұмыстары жылсайын жаңартылып, уақыт ағымына қарай жаңғырып келеді. Бүгінгі таңда да бірнеше бағытта жүйелі жұмыстар атқарылды.

Біріншіден, Қазақстан халқы Ассамблеясының медиа-инфрақұрылымын дамыту жұмыстары үздіксіз жүруде. Instagram, Youtube және TikTok әлеуметтік желілеріне екпін бере отырып Қазақстан халқы Ассамблеясының сайты және аккаунттары жаңартылды. «Ассамблея айнасы» жобасы қолға алынып, Instagram әлеуметтік желісінен бейресми парақша ашылды. 300-ге жуық аккауынттарды тарта отырып, Ассамблея туралы қызықты ақпараттар мен белсенді жұмыс істейтін кейіпкерлер туралы түрлі материалдар легімен оқырманды қамтамасыз етуде.

Екіншіден, Қазақстан халқы Ассамблеясы Журналистер Клубының мүшелері яғни спикерлерінің республикалық пулын жасақтадық. Тізім 4 санат бойынша жасалды: негізгі — ток-шоуларға қатысатын спикерлер, негізгі спикерлер, қосымша спикерлер, сарапшылар. Сондай-ақ спикерлердің өңірлік пулдары негізгі спикерлер, қосымша спикерлер, сарапшылар санатында әзірленіп бекітілді. Бұл да жаңартылып отырады.

Үшіншіден, Ең өзекті сұрақтар мен оларға жауаптар (тақырыптар) тізбесі дайындалды, және де ол үнемі жаңартылып отырады. Ассамблея жұмысына қатысты жиі айтылатын мифтер мен жалаң пікірлер бойынша шынайы ақпараттар легін қалыптастыру.

Төртіншіден, Республикалық және өңірлік деңгейде WhatsApp желісінде: «Қазақстан халқы Ассамблеясы журналистер клубы» «Қазақстан халқы Ассамблеясының медиахабы» «Қазақстан халқы Ассамблеясының спикерлері» жинақталған үш топ құрылды.

Қазақстан халқы Ассамблеясының қоғамдық маңызы жоғары құрылымдарының бірі ретінде Журналистер клубының отырыстары өткен жылы 4 өңірде ұйымдастырылды. Алғашқы кездесу Ақтөбе қаласында өтіп, оған Атырау, БҚО, Маңғыстаудың Клуб мүшелері қатысты. Дәл осындай өңірлік бас қосулар Қостанай, Өскемен, Қонаев қалаларында жалғасын тауып, ол жаққа да көрші өңірлердің өкілдері қатыстырылды. Ағымдағы жылы алғашқы жиын Түркістан облысында ұйымдастырылды.



Жыл сайын ҚХА қызметі мен іс-шараларын ақпараттық қамтамасыз етудің жаңа тәсілдерін еңгізу бойынша біліктілікті арттыруға басымдық беріледі.

Алдағы кезеңдерде де бұл диалог алаңы журналистерге білім алуға, тәжірибе алмасуға және шабыт беруге бірегей мүмкіндік беретін болады. 2025 жыл жоспарында өңірлерде екі ірі бас қосу өтсе, республикалық деңгейде үш жиын өткізу жоспарланған. Мұнда кәсіби дағдыларын кеңейтіп, болашақта кәсібіне пайдасын тигізер қажетті құндылықтарды ала алады. Сондай-ақ, этносаралық қатынастар саласындағы мәселелер бойынша ақпараттық ресурстар мен әлеуметтік желілерге мониторинг жүргізу құралдарын оқытатын боламыз. Арнайы медиа саласының майталмандарын шақырып, диалогтар мен оқыту-тәжірибе жұмыстарын жүргізу көзделген.

***Алишер САТВАЛДИЕВ,***
***ҚР Парламенті Сенатының депутаты, ҚХА Журналистер клубының төрағасы***

# ӘР АДАМ ЖАҚСЫЛЫҚ ҮШІН ЖАРАЛҒАН

**ҚХА бірегей институтының 30 жылдығы қазақстандықтар үшін айрықша маңызға ие. Қоғамда адами құндылықтарды мейірімділікті, достықты, ризашылықты, азаматтардың бір-біріне деген сүйіспеншілігін ілгерілету арқылы қазақстандық бірегейлік пен халық бірлігін нығайту және дамытуға баса назар аударылып отыр.**

Киелі қазақ жері миллиондаған тағдырларды тоғыстырды, пана болды. Бауырмашыл қазақ халқы тоталитарлық саясаттың салқынын сезген талай жанға қайырымдылығы мен кеңпейілдігін, даналығы мен қонақжайлығын көрсетті. Қазақ халқы паш еткен асқақ адамгершіліктің, адал ниеттің, шынайы жанашырлықтың арқасында талай этнос өкілдері қиын-қыстау шақтың ауыртпалығын еңсерді, қазақ жерінде өнді- өсті, бақытын тапты. Міне, осындай өрелі істің нәтижесінде елімізде 1995 жылдың 1 наурызында Қазақстан халқы Ассамблеясының негізі қаланды. Биыл құрылғанына 30 жыл толғалы тұрған бұл конституциялық институт Тәуелсіздік жылдарындағы толағай табыстардың бастауынан табылып, ортақ тағдыр біріктірген Қазақстан халқын берекелі еңбекпен ел ырысын арттыруға жұмылдырып келеді.

Бірлігі жарасқан, ымыралы күн кешкен, ежелден достықтың тұғырлы ордасы, бүгінде миллионнан астам тұрғынды бауырына басқан Жамбыл облысында 87 этнос өкілдері тұрады. Өңірлік Ассамблея тарихы Қазақстан халқы Ассамблеясы шақырылғаннан бұрын бірнеше мәдени бірлестіктердің құрылуынан басталады. Алғашқылар қатарында өз қызметін грек, өзбек, тәжік, ұйғыр, дүнген, кәріс, шешен-ингуш, орыс, түрік және күрді орталықтары бастап кетті. Облыстағы этномәдени бірлестіктердің қызметін үйлестіруді өңірлік Ассамблея хатшылығының меңгерушілері жүзеге асырды. Ассамблеяның этносаралық және конфессияаралық бірлік пен келісімде өмір сүре білуді, ұлттық салт- дәстүрлерді, ана тілдерін жаңғыртып, дамыта беруді этномәдени бірлестік пен хатшылық бірлесе ұтымды атқара білді. Ұйымшыл топтың бастамасымен 2005 жылы Таразда Тұңғыш Президент Нұрсұлтан Назарбаевтың қатысуымен «Достық үйінің» салтанатты ашылуы өтті. Этностардың көптігі облыстың этносаралық қатынасының ерекшелігі болып табылады. Ал, аймақтың Қазақстан халқы Ассамблеясы қанатының астына топтасқан 41 этномәдени бірлестік қоғамдағы сан қырлы мәселелерге үн қатып, бейбітшілік пен татулықтың орнауына үлес қосып келеді. Жамбыл облысы Қазақстан халқы Ассамблеясының қызметін үйлестіру үшін 2013 жылдың 26 желтоқсанында «Жамбыл облысы әкімдігінің ақпарат және қоғамдық даму басқармасының «Қоғамдық келісім» коммуналдық мемлекеттік мекемесі құрылды. 2015 жылы Қазақ хандығының 550 жылдығын тойлау қарсаңында «Көне Тараз» тарихи-мәдени кешені аумағында айрықша сәулет үлгісімен салынған еңселі «Достық үйі» пайдалануға берілді. Бүгінде облыс орталығындағы «Достық үйінде» этномәдени бірлестіктердің әлеуетін дамыту арқылы этносаралық келісімді қолдау бағытында маңызды жұмыстар атқарылуда.

Облыстық Ассамблея жанында ғылыми- сараптамалық топ, Ақсақалдар және Аналар кеңесі, этномедиация кабинеті, Журналистер клубы, «Жомарт жан» орталығы, «Ассамблея жастары», «Жас ғалым», «Қолөнер шеберлері» және «Белсенді ұзақ өмір сүру» клубтары, этнос жастарынан құралған «Достық» театры жұмыс істейді.

Аймақтағы этносаралық ахуалды тұрақтандыру бойынша «Бейбітшілік пен келісім», «Достық керуені», «Біртұтас қоғам: келісім және сенім» 3 ірі пилоттық жобалармен жұмыс жүргізілуде. Мемлекет басшысының тапсырмасы бойынша 2020 жылдан бері іске асырылып жатқан «Бейбітшілік және келісім» пилоттық жобасы республикалық деңгейде кеңінен бағаланып отыр. Бұл жобаның ең басты мақсаты — облыста мекендейтін барлық этнос өкілдері арасындағы татулық пен берекелі бірлікке сызат түсірмей, оларды алаңдататын өзекті мәселелерді күн тәртібіне шығару және оны тез арада шешуге негізделген. Екі жылдан бері этносаралық тәуекелдің алдын алу мақсатында облыстық «Достық керуені» жобасы іске асырылуда. Былтырғы жылы этностар жиі орналасқан 5 ауданда ұйымдастырылып, Ақсақалдар, Аналар кеңестерінің 12 отырысына 1200 тұрғын, ұлттық ойындар спартакиадасына 15 команда, «Өнерім саған, Қазақстан!» фестивалінің іріктеу кезеңіне 30 үміткер қатысты. Ассамблея жастарының «Менің елім, Менің Қазақстаным!» тимбилдингіне 200 жас тартылды. Сондай-ақ, жоба аясында облыстық этномәдени бірлестіктер мен аудандық этностардың диалогына негізделген этностардың мәдениеті мен дәстүрі күндері және бүлдіршіндерге ойын алаңшалары ұйымдастырылды. Жалпы, жоба аясында 37 шараға 5000-нан аса адам қамтылды. «Достық керуені» жобасымен Түркістан облысына сапар ұйымдастырылып, ассамблея құрылымдары тәжірибе алмасып қайтты.

Мемлекетіміздегі ұлттық саясат төңірегіндегі ұсыныстар мен ұсынымдарды қамтуда 1995 жылдан бастап елімізде дәстүрлі түрде ҚХА сессиялары өтіп келеді. Әрбір сессияда мемлекет өміріндегі өзекті мәселелер талқыланып, келелі шешімдер қабылданады. Былтырғы сессия шешімдерін іске асыру мақсатында 13 арнайы жоба бекітіліп, сол бойынша жұмыс атқарылуда. «Біртұтас қоғам: келісім және сенім» республикалық пилоттық жобасы 2024 жылы Жамбыл облысынан бастау алды. Жобаның мақсаты — этноорталықтарды қоғамдағы сенім мәдениетін дамытуға тарту. Жоба аясында этномәдени бірлестік өкілдерінің, медиаторлардың қатысуымен 8 ауданда және Тараз қаласында, ХҚКО-да Ашық есік күндері, тұрғындармен кездесулер түрінде 25 шара ұйымдастырылып, 1000-нан аса адам қамтылды.

Сондай-ақ, сессия аясында Жамбыл, Түркістан, Алматы облыстарының этномедиация саласындағы іс-тәжірибесін республика көлемінде тарату тапсырмаларына сәйкес «Елдесу мен татуласу» жобасы аясында 2024 жылы Маңғыстау облысының делегациясы тәжірибе алмасу мақсатында Жамбыл жеріне арнайы келіп, үздік жұмыстарымен танысты.

Мемлекеттік тілді екінші ана тілі санап, сөйлеуді мәртебе көретіндер қазақтілді қоғамды қуантып қана қоймай, тіліміздің келешегі зор екенін айғақтай түседі. Бұл мақсатты елімізде мемлекеттік тілді дамытып, оны этносаралық қарым-қатынас тіліне айналдыруда «Мәміле», «Ұлы Даланың этносаралық тілі», «Мың бала» жобалары жүйелі жұмыс жасап, нәтижесін беруде. Бүгінде өңірде мемлекеттік тілді еркін меңгеру арқылы қызметте жетістікке жеткен 71 спикер пулы қалыптастырылып, оның 15-і республикалық реестрге енгізіліп отыр.

Көпмәдениетті ортаны дамыту тапсырмасы бойынша аймақтық ҚХА жанынан «Достық» театры құрылған болатын. Құрамында дүнген, өзбек, қарашай-балқар, орыс, неміс, түрік этностарының жастары бар. Жетекшісі облыстық ҚХА төрағасының қоғамдық орынбасары Сейілханов Асқарбек Ақылшаұлы. Жастар театры Шерхан Мұртазаның «Интернат наны» және Мұхтар Мағауиннің «Бір атаның балалары» қойылымын сахналады. «Шыңдағы шынар — Шерхан Мұртаза» атты облыстық драма үйірмелері фестивалінде I орынды иеленді. Қазіргі күні Ұлы Отан соғысының 80 жылдығына арнап Сәкен Жүнісовтің «Жаралы гүлдер» қойылымын дайындауда. Ұлттық құндылықтар ұлттың баға жетпес қазынасы екенін ескерсек, осы бағытта «Елтану» мәдени-ағартушылық жобасы аясында «Достық үйінде» құнды жәдігерлердің бірі — алты қанатты киіз үй жарты моделі — «Алтын шаңырақ» алаңшасы ашылды. Аталған жоба шеңберінде «Ұлттық киім құндылықтары — ұрпаққа мұра» және «Ұлттық бас киімдер әлемі» атты этнос өкілдерінің ұлттық киімдер экспозициясы мен бас киімдер экспозициясы ашылып, өз жұмысын бастады.

Жалпыұлттық бірлік пен қоғамдық келісім қағидаттарын орнықтыру арқылы қазақстандық қоғамның мәдени әралуандығын қамтамасыз ету, этнос өкілдерін мемлекет құраушы қазақ ұлтының маңайына топтастыру, этносаралық келісімнің қазақстандық моделін ілгерілету бағытында өңірлік Қазақстан халқы Ассамблеясы тарапынан былтырғы жылы барлығы 1219 іс-шара өткізілді. Оған 114 200 адам қамтылды. Оның ішінде «Рождество», «Масленица», «Пасха», «Песах», «Славян жазбасы мен мәдениет күні», «Сабан той», «Сумаляк», этностардың тілі, мәдениет және салт-дәстүр күндері, «Алғыс айту күні», «Наурыз», «Ұлттық домбыра күні», «Қазақстан халқының тілдері күні», ұлттық ойындар сайысы, «Өнерім саған, Қазақстан» этнофестивалі, бұдан өзге форумдар, көрмелер секілді іс-шаралар өткізілді.

Бейбітшілік пен бірліктің үздік үлгісін көрсеткен Қазақстан халқы қиналғанға қол ұшын созып, далаға дәуірлерден жеткен «тыныштық үнін» үзген емес. Қоғамда қайырымдылықты үйлестіру мәселесі де ассамблея атқаратын жұмыстардың бірі. Өткен жылы өңірлік Ассамблея 294 миллион 170 мың теңгеге қайырымдылық көмек көрсетті.

Сөзімізді топшылай келе, әр адам жақсылық үшін алғыс алады және оған көрсеткен көмегі, қолдауы үшін алғыс білдіреді. Бұған қоса, өз жұмысын адал атқаратын және сол арқылы еліміздің дамуына өз үлесін қосатын, белсенді азаматтық ұстаным танытатын, тұрақтылық пен бейбітшілікті сақтау, қоғамдағы бірлік пен келісімді нығайту жолында еңбек ететін жандарға да алғыс айтамыз.



***Мұбарак ЖИНАҚБАЕВА,***
***облыс әкімдігі***
***ақпарат және***
***қоғамдық даму***
***басқармасының***
***«Қоғамдық келісім»***
***КММ басшысы***
















# БІРЛІК АЛАҢЫНА АЙНАЛҒАН ШАҢЫРАҚ

**Еліміздің үлкен қалаларындағы Достық үйлері — рухани байланыс алаңы ретінде этномәдени бірлестік өкілдері ұдайы бас қосып, тағылымды іс-шаралар өткізетін бірегей орын. Түрлі мәдениеттер тоғысып, тіршілігі қыз-қыз қайнаған Алматыдағы республикалық Достық үйі солардың басын біріктіретін орталық дерсіз. Мұнда күні бүгін 19 этномәдени бірлестік жұмыс істеп отыр. Келушілер осы жерде тіл үйреніп, түрлі іс-шара ұйымдастырады, арнау¬лы үйірмелер арқылы өнерлерін шыңдап, өзара ынтымаққа ұйыстыратын маңызды жобаларға үн қосады.**

Жартығасырлық тарихы бар ғимарат 1979 жылы Алматы қалалық Атқару комитетінің шешімімен «Тарихи-мәдени ескерткіштер» тізіміне енген. 1991 жылы дәл осында бірнеше елдің мемлекет басшылары Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығын құру туралы маңызды құжатқа қол қойған Алматы декларациясы қабылданып, тарихи оқиға орын алды. Ал 1972—1999 жылдар аралығында мұнда өзге мемлекеттермен мәдени байланыс өрісін кеңейтуге бағытталған «Достық» қоғамы табысты жұмыс істеді. Халықаралық «Түрксой» ұйымының құрылу тарихы да осы ғимараттың тыныс-тіршілігімен астасып жатыр. Бүгінгі таңда Алматы қаласындағы республикалық Достық үйі этносаралық татулық пен келісімді нығайтуға бағытталған бастамалардың ошағына айналған. Мұнда келетін этномәдени бірлестік өкілдері қазақ тілін еркін меңгеруге зейін қойған. Әсіресе грек, ұйғыр және түрік ЭМБ өкілдері үшін мемлекеттік және ана тілдерін оқыту курс¬тары үздіксіз жұмыс істеп тұр. Оларға қазақ тілін онлайн оқыту мектебінің негізін қалаушы әрі «12 грамматикалық құрылыс. 365 жаңа сөз» жинағының авторы Оксана Набиева сабақ береді. Курс қатысушыларына қазақ тілін үйрететін орыс қызы Абайдың 50-ден аса өлеңін жатқа біледі.

«Қазақ тіліне деген қызығушылығым мектеп жасында басталды. Соның арқасында өмірімде түбегейлі бетбұрыстар орын алды. Абай оқуларында жеңімпаз атанып, оқушы күнімде-ақ көпшіліктің назарына іліктім. «Қазақша сөйлейік» курсында 5 жастан 75 жасқа дейінгі адамдар бар. Қазіргі таңда зейнетке шығып, бірақ қазақ тілін үйренемін, оқимын деп қызығушылық танытатындар да аз емес. Менің әдістememнің басты ерекшелігі — адам өзіне қолайлы кезде сабақты ашып, қарай алады. Тіпті автобуста, шет мемлекетте жүріп болсын оқи алады. Кез келген шет тілін үйренуге жүйе керек. Ол оңайдан қиынға қарай жүреді. Әр сабақ сайын деңгейге байланыс¬ты грамматиканың бір түрін қосу арқылы, оқылымды, тапсырманы, ойындарды, тыңдалым жасап үйренетін болса, кез келген адам сабақты оңай алып кетеді», дейді О.Набиева.

Қазақстан халқы Ассамблеясының мүшесі Г.Аннакулиеваның бастамасымен құрылған «Алматы семинары: әртүрліліктегі бірлік» клубы — Достық үйі қабырғасындағы белсенді алаңдардың бірі. 2022 жылы бастау алған жоба этномәдени бірлестіктер арасында қоғамдық келісімді нығайтуға қомақты үлес қосып жүр.

Мәселен, былтыр Достық үйінде құрылған Әдеби клуб аз уақыт ішінде жемісті жұмыс бастаған. Мамандар Достық үйінде қазақтың айтулы қаламгерлерінің мерейлі даталарына орай әдеби-сазды кештер, олардың шығармашылық тынысынан сыр шертетін тағылымды байқаулар өткізу дәстүрге айналғанын айтады. Атап айтар болсақ, қазақ әдебиетінің классигі Б.Соқпақбаевтың 100 жылдығына арналған «Балалар әдебиетінің бәйтерегі» атты танымдық іс-шара Жазушылар одағымен бірлесе ұйымдастырылған. Мазмұнды жобада түрлі этнос өкілдері арасында ақын-жазушылар шығармалары насихатталып, қатысушылар олардың өміріне қатысты қызықты деректермен танысқан. Қазақстан халқы Ассамблеясына қарасты этномәдени бірлестіктер мемлекет өміріндегі кез келген іргелі істе бой көрсетіп жүр. Бүгінде этностар достығын нығайтуға бағытталған іс-шаралардың ұйытқысы болып отырған республикалық



Достық үйінің басшысы Нұрсәуле Әлтекова, мемлекет этностардың рухани дәстүрлерін халықтық игілік ретінде сақтап, этносаралық татулықтың дамуына айрықша қамқорлық жасап отырғанын айтады.

— Біздің ұжым ҚХА этномәдени бірлестіктерімен бірге Президентіміздің Қазақстан халқы Ассамблеясының XXXIII сессиясында, Ұлттық құрылтайда, ел халқына Жолдауларында берілген тапсырмаларын жүзеге асыру бағытында табанды жұмыс істеп келеді. 2024 жылы республикалық Достық үйінің қызметін қамтамасыз ету басқармасының қатысуымен Алматы қаласында түрлі форматтағы 216 іс-шара өтті. Оның ішінде Қазақстан халқы Ассамблеясының бағдарламалары мен жобаларын, ұйымды дамытудың 2022—2026 жылдарға арналған тұжырымдамасын іске асыру шеңберінде 182 іс-шара ұйымдастырылды. Елімізде жүргізіліп жатқан саяси реформаларды түсіндіру бойынша сарапшыларды даярлау жөніндегі республикалық және өңірлік әдістемелік орталықтардың қызметі үйлестіріліп келеді. Қазақстан халқы Ассамблеясының 30 жылдығына орай республикалық Достық үйі биыл этносаралық бірлік пен келісімді насихаттауға бағытталған акциялар, фестивальдар, көрмелер, концерттер, дөңгелек үстелдер, шығармашылық кештер, спорттық турнирлер өткізуді жоспарлап отыр. Ассамблея жұмысының жаңа тұжырымдамасы этностар мен олардың қоғамдық бірлестіктерінің біздің еліміздегі азаматтық саяси ұлтты интеграциялау және қалыптастыру үдерістеріне белсенді қатысуына бағытталған. Бүгінгі басты міндет — этносаралық өзара іс-қимылдың жаңа деңгейіне шығу, оның негізін қоғамның азаматтық мүдделері құрауға тиіс, — дейді Н.Әлтекова.

Достық үйінде сан этностың бай дастарқандарын паш ететін тағам көрмелері секілді қызықты іс-шаралар да өтіп тұрады. Мұнда Қазақстанды мекендеген этностардың аспаздық ерекшеліктері, қонақ күту салты, тағамдарының құнар-қуаты, әзірлену әдістері туралы қызықты әңгімелер айтылады.

— Тұрақтылық пен даму, татулық пен достық — бәрімізге ортақ құндылық. Достық үйінде өтетін осындай іс-шаралар өскелең ұрпақты бір-бірінің салт дәстүрлерін құрметтеуге тәрбиелейді. Қоғамның ынтымағын нығайтуға бағытталған идеялар жақсы нәтижесін көрсетіп жатыр. Алдымызда да маңызды іс-шаралар күтіп тұр. Жеткен жетістіктеріміздің негізі — халықтың бірлігі, ынтымағы. Бірлігіміз берік болса, кез келген мәселе оңтайлы шешімін табады. Бірлік деген ұғымның сөз күйінде қалып қоймай, іспен дәлелденгені қандай жақсы. Жақында Қазақстан халқы Ассамблеясының 30 жылдығын мерекелеу аясында республикалық Достық үйінде Түркімен мәдени орталығының 30 жылдығына, түркі халықтарының мәдениет қорының 25 жылдығына арналған «Әртүрліліктегі бірлік» атты керемет іс-шара өтті. Достық үйінің этнотар достығын нығайтудағы рөлі зор, — дейді қоғам қайраткері Асылы Осман.

Этномәдени бірлестіктерге қарасты жастар ұйымдары волонтерлік бастамаларда ұдайы бой көрсетеді. «Таза Қазақстан» акциясында олар мыңнан аса көшет отырғызып, саябақтар мен алаңдарда тазалық жұмыстарын жүргізген. Оларды бұл жұмыстарға үйлестіруде Достық үйі маңызды рөлге ие. «Бәрімізді тоғыстыратын бір тілек — Қазақстанның баянды болашағы. Осы елде ұлқызымыз өсіп, өркен жайып келеміз. Сондықтан ортақ Отанның мерейі — бәріміздің мерейіміз. Президентіміз алға қойып отырған «Бір ел, бір халық», «Адал азамат» тұжырымдамасындағы бастамалар — біздің бірлігімізді арттыратын ұстанымдар. Жастарымызды еңбексүйгіштікке, отансүйгіштікке баулуға, олардың рухани тәрбиесін өрістетуге бағытталған жұмыстарға көңіл бөлу маңызды», дейді Қазақстан ұйғырлары этномәдени бірлестігінің төрағасы Абдулхалил Долкунтай.

***Арман ОКТЯБРЬ***

**AHISKA**

№ 14 (1030)

11 Nisan 2025 / 11 Сәуір 2025 ж.

**Yayın Kurulu Başkanı:** Редакциялық кеңес төрағасы: Ziyatdin Kassanov / Зиятдин Касанов

**Yayın Kurulu:** Редакциялық кеңес: Аджимурат Исаев / Adzhimurat Isaev, Алибек Каримов / Alibek Kerimov, Васип Исмаилов / Vasip Ismailov, Алипаша Караев / Alipasha Karaev, Тофик Ахмедов / Tofik Ahmedov, Ибрагим Турки / Ibrahim Turki

**Genel Yayın Yönetmeni:** Бас редактор: Rovshan Memedoglu / Ровшан Мамедоглу

**Yazı İşleri Müdürü:** Бас редакторын орынбасары: Ahmet Atak / Ахмет Атак

**Editör:** Әдеби редактор: Gina Takisheva / Джина Такишева

**Muhabirler:** Тілшілер: Kalbinur Khoshnazarova / Кальбинур Хошназарова

**Tasarım:** Дизайн: Oksana Krasnozhonova / Оксана Красножонова

**Yayın Sahibi** / Меншік иесі
-
«Газета «AHISKA - АХЫСКА» ЖШС

**Kurucu** / Негізін қалаушы
-
Ziyatdin Kassanov
Зиятдин Касанов

Gazete, Kazakistan Cumhuriyeti Kültür ve Enformasyon Bakanlığı tarafından 9 Ekim 2008 tarih ve №9528-G ile tescil edilmiştir.

Газет Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінде 2008 жылғы 9 қазанда № 9528-Г тіркелді.

**Haftalık süreli yayın**
Апта сайын шығады

**Yönetim Yeri** / Редакция мекенжайы
-
050002, Kazakistan Cumhuriyeti, Almatı, Dzhangildina Cad., 31
050002, Қазақстан Республикасы, Алматы қ-сы, Жангилдина к-сі, 31

**Telefon** / Телефон
-
+7 (727) 339 24 15

**E-Posta** / Э-пошта
-
ahiska60@mail.ru

**BasımYeri** / Баспа үйі
-
**АО «Алматы-Болашак»**
**г. Алматы, ул. Муканова, 223 В**
**Тел.раб. 8 (727) 378 40 08**

**SİPARİŞ** / ТАПСЫРЫС
№ 14

**TİRAJ** / ТИРАЖ
2 000 adet / дана

Editörler, yazarların makale ve reklamlarının içeriğinden sorumlu değildir. Yazarın makaleleri editoryal görüşleri temsil etmez. "AHISKA" gazetesinde yayınlanan materyal ve fotoğrafların kopyalanması veya düzenlenmesi için yazı işleri müdürlüğünden yazılı izin alınması ve gazeteye atıfta bulunulması gerekmektedir.
Редакция авторлар мақаласы мен жарнама мазмұнына жауап бермейді. Автордың мақалалары редакция көзқарасын білдірмейді. «АХЫСКА» газетінде жарияланған материалдар мен фотосуреттерді көшіріп немесе өңдеп басу үшін редакцияның жазбаша рұқсаты алынып, газетке сілтеме жасау міндетті.

KAZAKİSTAN CUMHURİYETİ AHISKA TÜRK KÜLTÜR MERKEZİ'NİN ULUSLARARASI YAYINI
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ «АХЫСКА»ТҮРІК ЭТНОМӘДЕНИ ОРТАЛЫҒЫНЫҢ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ БАСЫЛЫМЫ

6+ – 6 жастан асқан балаларға арналған















